

*С.О. Смагулова<sup>1</sup>, Г.С. Беделова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.,*

## **Е.БЕКМАХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АБАЙДЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ**

### *Аңдатпа*

Ақын, классик, қоғам қайраткері, қазақтың жазу әдебиетінің негізін қалыптастырған Абай қазақ халқына ойлау мен танудың жаңа жүйесін ұсынды. Оның есімі қазақ халқының арасында ғана емес, орыс демократтарына да таныс еді.

Мақалада Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы тарихшы Ермұхан Бекмахановтың еңбектері арқылы сараланады. Ақын өлеңдерінің мәндік-мағыналық маңызы ашылады. Абайдың қоғамдағы орнына мен саналы, білімді, иманды, әділді ұрпақты тәрбиелеудегі философиялық көзқарасына баға беріледі. Сонымен қатар ақынның орыстың демократтарымен арадағы қатынасы мен достығы қарастырылады. Өмір сүрген ортасының Абайдың көзқарасының қалыптасуына қалай әсер еткендігі талдана көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** тұлға, ақын, поэзия, орыс демократтары, ұлт зиялылары, аудармалар, бағалану, тәлім-тәрбие, реалист, гуманист.

*S.O. Smagulova<sup>1</sup>, Bedelova G.S.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Doctor of Historical Sciences, professor, Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty*

*<sup>2</sup> Candidate of historical sciences, al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty*

## **HISTORICAL PERSONALITY OF ABAY IN THE WORKS OF Y. BEKMAKHANOV**

### *Abstract*

Classical poet, public figure, founder of Kazakh written literature Abay brought new systems of thinking and cognition. His name is known not only among Kazakhs, also to Russian democrats.

The article analyzes the life and work of the Great poet on the works of the historian Yermukhan Bekmakhanov. Essence and meaning of the Abay's poems were discovered. The role in the society and philosophical views of the poet aimed at educating a conscious, educated, moral and fair generation are evaluated. The author also examines the poet's relations to Russian democrats. Also the article demonstrates influences of environment to the formation of Abay's worldviews.

**Keywords:** poetry of the poet, ancestors, Russian democrats, national intellectuals, translations, songs, evaluation, education, realist.

*С.О. Смагулова<sup>1</sup>, Г.С. Беделова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>доктор исторических наук, профессор, КазНУ им. аль-Фараби  
г. Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup>кандидат исторических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы, Казахстан*

## ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ АБАЯ В ТРУДАХ Е.БЕКМАХАНОВА

### *Аннотация*

Поэт, классик, общественный деятель, основоположник казахской письменной литературы Абай принес казахскому народу новые системы мышления и познания. Его имя было известно не только среди казахов, но и русских демократов.

В статье жизнь и творчество Великого поэта анализируются по произведениям историка Ермухана Бекмаханова. Раскрывается смысл и значение стихов Абая. Оцениваются место в обществе и философские взгляды поэта, направленные на воспитание сознательного, образованного, нравственного и справедливого поколения. А также рассматриваются отношения и дружба поэта с русскими демократами. Анализируется как окружающая среда повлияла на формирование мировоззрения Абая.

**Ключевые слова:** личность, поэт, поэзия, русские демократы, национальная интеллигенция, переводы, оценивание, воспитание, реалист, гуманист.

XX ғасырдың 40-50 жылдары Ресей үкіметінің қазақ жерін отарлауға қатысты жүргізген саясатын сынға алып, Кенесары бастаған қазақтың ұлт-азаттық көтерілісінің мәнісін ашық жазғананы үшін «халық жауы» атанып, қуғындалып, істі болған Ермұхан Бекмахановтың қазақ тарихындағы орны ерекше. Ғалым басына түскен қиыншылықтарға қарамастан өзін әмбебап тарихшы ретінде көрсете білді. Оның ұзақ жылдарғы ізденісінен жарық көрген зерттеулерінің нәтижесі осы күндері де қолданыста.

Е. Бекмахановты академиктер М. Қозыбаев пен К. Нұрпейісов «ғылыми өрісі кең, қалам тартқан тақырыптары сан қырлылығымен ерекшеленеді» деп бағалаған. «Асылы, ол Қазақстанның Ұлы Октябрь» революциясына дейінгі және совет дәуірі кезеңінің көптеген мәселелерін зерттеген әмбебап тарихшы. Оның ғылыми мұрасын негізгі үш салаға бөліп қарастыруға болады: 1) Қазақстанның XVIII-XIX ғасырлардағы тарихына арналған еңбектері; 2) Қазақ ССР тарихының оқулықтары мен оқу құралдары, педагогика проблемалары бойынша зерттеулері; 3) Республикада маркстік-лениндік дүниетанымды нығайтуға бағытталған, халықтың тарихи санасын көтеруге қызмет ететін, еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беруге арналған ғылыми-публицистикалық шығармалары», - дей келе, осы ғылыми мұраларының маңыздылығының жоғарлығын атап өткен [1].

Ғалымдар атап көрсеткендей, Е. Бекмаханов Қазақстанның Қазан төңкерісіне дейінгі де тарихына, кеңестік жүйе тұсындағы саяси оқиғаларға, фольклорға, тұлғатануға қатысты құнды ғылыми зерттеулер жариялады. Солардың арасында тұлғатану мәселесіне қатысты мақалаларының да тарихи маңыздылығы жоғары. Тұлғатану саласында оның XIX ғасырда өмір сүріп, қазақ қоғамына танымал болған, өзінің ісімен, қызметімен ерекшеленген Шоқан, Ыбырай және Абай сияқты ағартушыларға арналған еңбектері бұл күнде де өзінің құндылығын жойған жоқ.

Абайдың өмір сүрген ортасы өзгеше болды. XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ қоғамының ішкі әлеуметтік қайшылықтары шиеленіскен, ру-руға бөлініп тартысқан, жер дауы, жесір дауы өршіген заман еді. Ақынның сөзімен айтқанда «ел басына қиындық пен әуре туды, күйзеліс әкелді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан әні алып кетті, міне алып кетті» деп кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді [2, 86-б.].

Осы кезеңді тарихшы Ермұхан Бекмаханов жіті зерттеген, сол кездің билік құрылымын, ел ішіндегі соттық-құқықтық іс барысындағы халық арасына танымал би-болыстардың салт, дәстүр, ежелден келе жатқан заң ережелеріне сүйене басқаруын талдау, зерттеу, зерделеу барысында Ұлы ақын Абайдың да қоғамдағы орнына тоқталады.

Ғалымның еңбектерінде Абайдың тарихи тұлғасын жоғары бағаланды. Ақынның өмірі мен шығармашылығын жазған кітаптары мен жариялаған бірнеше мақалаларында жан-жақты саралай көрсетті. Ол ақынның өскен ортасы, сол кездегі Ресей империясының қазақ жеріне жүргізіп

отырған орыстандыру, қоныстандыру саясатының мақсатын аша отырып, Абайды философ ретінде көрсетеді, ағартушылық қызметіне талдау жасайды.

Алғаш рет ғалым Абайдың өмір жолына 1957 жылы Мәскеуде «Қазақстанның Россияға қосылуы» деп аталған кітабында тоқталады. Ақынның туған жері, ата-анасы, қоршаған, оқыған ортасы жайында мәлімет береді. Оның арғы аталары мен әкесінің мінездерінің тік келіп, әділ билік айтып, ел арасына ақ пен қараны ашуда, дау-дамайды шешуде туралығымен танылғандығын жазады.

Абайдың атасы Ырғызбай мен Өскенбайдың әділ де, тура мінезді би болғандығын ХХ ғасыр басында қазақ зиялысы А. Байтұрсынов «Қазақ» газетіне жариялаған мақаласында: «Ұлы атасы Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қол басы, батыры һәм ел ағасы би екен. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркістаннан елін ертіп, ауып келіп, Шыңғыстау малға жайлы деп қоныс еткен екен» десе, ал атасы Өскенбай жайлы «Кіші атасы Өскенбай би халық арасында әділ би атанған. Өз елі түгіл басқа алыстағы елдерде араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің алдына келіп бітіседі екен», - деп келтірген болатын [3]. Ермұхан Бекмаханов та зерттеуінде Абайдың бойындағы тік мінезділік, тура билік айту осы аталарынан дарығандығын көрсетпек болған.

Әжесі Зеренің аңыз әңгімелерді, хикая, ерегілерді, батырлар жырын естіп өскен Абай жеті жасқа келгенде әкесі Құнанбай Қарқаралы округіне сұлтан болып тағайындалады. алғашқы білімді Абай ауыл молдасынан алады. Он жасқа келгенде әкесі Семейге әкеліп, бастапқыда татар имамы Ғабдұлжаппардың медресесіне, одан кейін молла Ахмет Ризаның діни медресесіне береді. Шәкірттер медресенің ішінде тұрып оқыды. Оқу орнының өз жарғысы, қатаң тәртібі болды [4, 10-б.].

Е. Бекмаханов Абайдың халықтың басына түскен қиындықты өз көзімен көріп, өскендігін жаза келе, ақынның Фирдоуси, Низами, Саади, Науаи сияқты шығыстың шайырларының өлеңдерін оқып, өзбек, тәжік, әзірбайжан халықтарының тұрмыс-тіршілігіне деген оның көзқарасын кеңейткендігін келтіреді.

Абай алғашқы өлеңін 1855 жылы жазған. «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» деп басталатын өлеңінен кейін «Иран, Шағатай ақындарынша», «Фзули, Шәмси, Сәйхали» сияқты 1858-1859 жылдары медресеге оқып жүрген кезінде дүниеге келген өлеңдері. Соңғысы араб, парсы, түрік, шағатай тілдеріне сүйеніп, ақындардың аруағына сыйына тиіп-қашып, анда-санда бір жазса, 80-ші жылдардың ортасынан бастап шындап кіріседі.

М. Әуезов 1889 жылды Абай шығармашылығының шарықтаған ең өнімді, ең жемісті кезеңіне жатқызады. Оның айтуынша, 1886 жылдан 1889 жылға дейін өзі жазғаны бар, орысшадан аударғаны бар, көп өлең жазады [5, 56-б.].

Абайдың Семейде оқыған жылдарында орыс мәдениеті мен оның өкілдеріне деген қызығушылығы ояңған. Е. Бекмахановтың жазуынша, қатал әкенің және медресенің қатаң тәртібіне қарамастан ақын орыс мектебіне оқуға түскен. Осы мектепте болған кезінде оның орыс халқының өміріне деген ынтасы артып, өз еркімен орыс әдебиетін үйреніп, еркін түрде орыс тілін меңгереді. Еңбекте көрсетілгендей, Абай қазақ халқының мәдениетінің көп қырларын үйренуге талаптанған. Бірақ әкенің әмірімен оқуын тастап, туған жеріне қайтуға мәжбүр болады. Дегенмен ол бар өмірінде қазақ халқының фольклорын үйреніп, халық ақындары, жырауларымен таныс болған. Ажар, Ақылбай және Мағауия ақын, Мұқа, Әлмағамбет тәрізді жырлаулардың Абаймен жақын достығы, сонымен қатар орыс мәдениеті мен демократиялық ұстанымдағы өкілдермен тығыз байланыста болуы оның қоғамдық-ағартушылық көзқарасының қалыптасуына алып келгендігін айтады. Абай қазақ пен орыс мәдениетінің арасын салыстыра отырып, оқу-білім, ғылым салаларын көтеруді маңызды санап, сол жолға өзі де бет бұрған. Ғылымға деген оның қызығушылығы арттырған қазақ жеріне жер аударылып келген орыс демократтары еді. Ғалым Абайдың орыстың Пушкин, Лермонтов, Салтыков-Шедрин, Толстой, Чернышевский, Добролюбов сияқты жазушыларының шығармашылығымен танысуы дүниетанымына көп өзгерістер әкелді деген де тұжырым жасайды.

Абайды білімге, ғылымға рухтандырған кітапхана болатын. Осы кітапханадан Крылов, Лермоньев, Пушкин, Салтыков-Шедрин, Толстойдың шығармаларын оқып, Белинскийдің, Н.Г. Чернышевскийдің, Добролюбовтың демократиялық ой-пікірлерімен танысты [6, 70-б.]. Сонымен қатар шетелдік Спенсер, Милль, Тэн, Дрепердің кітаптарын оқиды. Бұл еңбектер Абайдың дүниетанымына үлкен әсер етті. Сөйтіп, орыстың, батыстың мәдениетін, мұраларын үйренуге бой бұрып, солардың шығармаларын насихаттады.

Е. Бекмаханов Абайдың ең жақын досының қатарынан Семейге саяси жер аударылған Е.П. Михаэлисті атады. Абай шынымен де Е.П. Михаэлисті «дүниеге көзімді ашқан» адам ретінде бағалаған еді. Оның ұсынысымен классикалық кітаптарға ден қояды. Сөйтіп, Е.П. Михаэлис Абайға ұстаз есебінде болып, оның философиялық, тарихи, мәдени бағыттағы ғылымдармен танысуына мұрындық болды. Еңбекте осы тұс өте жақсы талдана көрсетіледі.

Е.П. Михаэлисті езілген халықтарға жанашыр, жан-жақты білімді адам есептеген. Ол Абайдың 20 жылдай орыс мәдениетін қызығушылықпен оқып-білуі шығармашылығына тікелей әсер етті деген тұжырым айтады [7, 363-367-бб.].

Ғалым еңбегінде Абайдың әке талабымен елге оралып, болыстық қызметке баулытылып, түрлі даулы мәселелерді шешуге қатыстырыла бастағандығын келтіреді. Оның 1875-1878 жылдары болыстық кезіндегі атқарған қызметі жайына аса мән береді. «Биі жақсының елі жақсы» демекші, ақынның оның әділдігімен, адалдығымен ел намысын биік көтерген төбе билігін асқақтатуға тырысқан. Тісі қатты батқан бай-болыстың қысымынан қарапайым қазақты қорғаштауының өзі, оның ұлтының тағдырына бей-жай қалдырмағандығын көрсетеді. Халықтың жағына шығып, зорлық-зомбылыққа тап болғандарға арашашы болуға тырысады.

Абайдың қай жылдары болыс болғандығы жайында Е. Бекмаханов нақты мәлімет келтірмейді. Ақынның болыстық қызметі Семей уезінің басшысы К.С. Навроцкийдің Семей облысы генерал-губернаторына жазған рапортында Абайды өте қабілетті әрі ақылды адам, Шыңғыс болысында 2 үшжыл би, 3 үшжылдық болыс, одан кейін бір үшжыл Мұқыр болысында болыс болғандығын келтіріледі. Осыдан Абайдың Шыңғыс болысында 1865-74 жылдары, Мұқыр болысында 1875-77 жылдары болыс болғандығын білуге болады [8, 387-б.].

1865 жылы болыстық сайлауда Құдайберді Күшік-тобық еліне болыс, ал жиырма жастағы Абай оған кандидаттыққа сайланады. «Менің әкем 20 жасында Құдайберді деген ағасына кандидаттыққа сайланған екен. Құдайберді өлген соң араз жағы жасы толымсыз деп көрсетіп, түсіп қалған екен», - дейді Тұрағұл. Анығында Абай түсіп қалмаған, керісінше өлген ағасының орнына болыс болады [9, 19-б.]. Алайда, Абайдың көре алмаушылардың қатары көбейіп, патша үкіметіне бірнеше домалақ арыздар жазып, оның арты қылмыстық іске ұласты.

Абайдың үстінен қозғалған домалақ арыздың ақ-қарасын тексерумен ұзаққа созылып, ақынның бірнеше айлап Семейде жатуына тура келді. Абайдың басына түскен қиыншылық барысында достық қолын созып, жабылған жаласынан ақталып шығуға көмек көрсеткен Е. Михаэлис болды. Оған қатысты іс 1884 жылдың тамызының соңында тоқтатылады.

Ермұхан Бекмаханұлы саяси жер аударылғандардың Абай өміріне қалай ықпалы болғандығын ашық айтады. Олармен арадағы әңгіме, пікірлесуі ақынның рухани өсуіне, беделінің артуына да әсер еткендігін айшықтай түскен. Орыстың ашық пікірлі қайраткерлерімен Абайдың кездесуі, жүздесуі оның көзқарасына өзгерістер әкеліп, өзіндік пікірінің қалыптастырғандығын байқау қиын емес.

Ермахан Бекмаханұлы қазақ жеріне келген демократиялық бағытта болған орыс жазушыларының арасынан Долгополов, Гросстың кейіннен реакциялық ағымдардың ықпалына кетіп қалғандығын келтіреді. Сөйтіп ғалым Абайдың дүниетанымының қалыптасуына орыстың ағартушы-демократтарының әсері болды деген тұжырым жасайды.

Ол Абайдың осы орыс және Европа мәдениеті мен ғылымынан алған білімі кейіннен қарасөздеріне қолданғандығын айқын айтады. Ақынның орыс ғылымын, білімін үйренбекке ұмтылуда, мәдениетін оқып үйренудің артықшылығы болмайтындығын мына бір сөздері арқылы білдіреді деп «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей ізденгенмен табылмас. ...Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. ...Ғылым бар болса, қаламақ та бар» келтіре отырып, бұл жерде екі ел арасындағы достыққа қол созушылық барлығын айқындап береді. Абайдың Пушкин, Лермонтов, Крылов, Салтыков-Шедрин сияқты ақындардың шығармашылығына жақындығын, олардың өлеңдерін, сқақтарын аударуының себебін орыс пен қазақ халқының достығынан деп түсінген [10, 366-б.].

Ермұхан Бекмаханұлының Абайдың шығармашылық өміріне қатысты тапқан жаңа материалдардың негізінде 1959 жылы сол кездердегі С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті шығарған Ғылыми жазбаларына жариялаған мақаласында ақынды жаңа қырынан танытуға тырысты. Оның тұлғалық қасиетін сол кездегі саяси оқиғалармен тығыз байланыстыра қарастырады.

Орталық мемлекеттік архиві құжаттарымен Абай өмірінің кейбір тұстарын толықтыруға тырысқан. Ол ақынның өмір сүрген жылдарын сол кездердегі саяси оқиғалармен байланыстыра көрсетіп, оның өміріне әсері мен ықпалын, қоғамдағы орны мен рөлін ашып береді.

Ғалымның келтіруінше, Абай «патшалық үшін өте қауіпті адам» болған. Себебі ұзақ уақыт патша үкіметінің жергілікті әкімшілік билігінің бақылауында болып, оның әрбір басқан қадамын жасырын түрде аңдып, хабарланып отырғандығын келтіре келе, ақынды «өмірінің соңына дейін өз халқының бақыты мен еркіндігі жолында күрескер болып, жергілікті отаршыл үкімет пен бай-феодалдардың қымысына арашашы болды» деген тұжырым жасайды.

Е. Бекмаханов Абайды гуманист және қоғамдағы прогрессивті қайраткер ретінде бағалаған. Оның есімі қазақ халқының арасында кең танымалдылыққа ие болғандығы құпия мәлімдемелерде ашық жазылғандығын келтіре келе, ақынның «төбе би» атанып, даулы мәселелердің оң шешілуіне мұрындық болғандығын нақтылап береді.

Рулар арасындағы қақтығыстарды реттеудің басы-қасынан Абайдың табылуы оларды арасында бейбіт бітістірумен аяқталғандығын архив құжаттарындағы мәліметтердің айғақтап отырғандығын атап өтеді. Ол ақынды әділетті, халықтың жанашыры ретінде көрсетеді. Ғалым көрсеткендей, өмірінің соңына дейін Қазақстанның түкпірінен хат алмасып, оларға ақыл-кеңес беруі үкіметті алаңдатқан.

Халық та Абайды арқа тұтып, бастарына түскен қиындықтарымен бөліскен. Ақын көмек сұрай келгендерге арашашы болуға тырысқан, кеңес берген. Қара халыққа етене жақындығы үкімет адамдарын қатты алаңдатып, оның жазған хаттары мен жазбаларын арнайы тексерістен (цензурадан – С.С.) өткізіп отырды. Осы мәселені Ермұқан Бекмаханұлы мақаласында архив деректерімен жан-жақты талдауға алады. Абайға қайтыс болардың алдында «үкіметке қарсы үндеулер таратты» деген жала жабылып, бірнеше рет үйіне тінту жүргізілгендігін ғалым өте жақсы келтіреді. Оның көрсетуінше, Абайдың үйіне 1903 жылы 18 мен 25 сәуір аралығында жүргізіліп, тек оның отауын ғана емес, балалары Мағауия мен Тұрағұлдың да отауларын тінтіп, ақынның алған хаттарын, жазбаларын тәркілеп алып кеткен екен. Тінту барысында Абайға Көкшетаудан келген хатты іздестірген. Тінту жүргізіліп жатқан кезде оны ақын жойып үлгерген еді. Бұл хаттардың Абайдың қолына тигендігін полиция қызметкерлері Арқаттағы пошта конторындағы жазбадан білсе керек.

Арқаттағы пошта конторынына Абай Құнанбаевтың атына келген барлық хаттар мен жаздырылып алынатын басылымдар жіті тексерілген. Е. Бекмаханов Көкшетаудағы Ш.Қосшығұловтан ақынға бір хаттың келгендігін, Семейдің губернаторы пошта басшысына жіберген жеделхатында соны Абайға тапсырарда уездік басшы немесе оның көмекшісінің қатысуын, ақыннан хатты үкімет орнына тапсыруға көндіруді талап еткендігін айта келе, ақын келген хаттың отбасы жағдайына байланысты екендігін көрсеткеннен кейін ғана үкімет шенеуніктері сенгендігін көрсетеді.

1886 жылдың 4 мамырынан бастап Е.П. Михаэлистің ұсынысымен 1878 жылы құрылған Семей облыстық статистикалық комитеттің толық мүшесі болып сайланады. Осы комитет шығарып отырған «Памятная книжка Семипалатинской области» деген кітап шығарылып, осы өлкедегі тарих пен этнографияға қатысты қызықты материалдар мен мақалалар жарияланып тұрды. Семей облыстық статистикалық комитеттің хатшысы Н. Коншиннің айтуынша, Абай кітап үшін тарихи және этнографиялық материалдар жіберуге уәде берген. Е. Бекмаханов мақаласында кітапта ақынның «Заметка о происхождении родов Средней киргизской орды» деген мақаласының жарияланғанын келтіреді. Осы мақала жайында Н. Коншиннің жазғанына сүйенсек, оны жазған Семей облысына белгілі адам өз аты-жөнін айтқысы келмеген. Себебі, Тобықтының Арғын руынан болған ол мақаладағы келтірілген кейбір мәліметтер өзінің шыққан тегі туралы ойдан құрастырып айтатындарды жақсы көретін руларға жақпайса керек.

Е.Бекмаханов «Абайдың жариялаған және баспа бетін көрмеген тарихи және этнографиялық материалдары қазақ халқының этногенезін зерттеуде маңызды» деген тұжырым жасаған. Ғалым сонымен қатар Абай Құнанбаевтың отбасы туралы да мәлімет келтіреді. Орталық мемлекеттік архивінің 25-қорынан алған құжаттарға сүйене ақынның үш әйелінен 20 баласының барлығын, бір баласының Михайлов артиллерия училищесінде оқып, Түркістан округіне офицер ретінде қызметке жіберіп, сол жақта қайтыс болғандығын және бір қызының қазақ интернатында оқығандығын жазады [11, 163-166-бб.].

Е. Бекмаханов Абай Құнанбаев өмірін «Қазақстан тарихы» оқулығына да енгізіп, ақынның қызметі мен шығармашылығынан басқа араласқан адамдары жайында құнды мәліметтер береді. Бұлардың арасында ақынды көрген шетелдік жазушылар мен орыс демократтары бар. Солардың

бірі Абаймен тілдескен американдық жазушы Джорж Кеннан болған. Өзінің естелігінде ол Ибраһим Құнанбаев деген қарт-қырғыздың кітапханаға барып қана қоймай, Милль, Бокль және Дрепер сияқты авторлардың кітаптарын оқығандығын оған қойған сұрақтарға берген жауаптарынан байқағандығын, оның ағылшын философын тереңдете оқығандығын көруге болатындығын айтқан [12, 376-б.]

Бастапқы жазғандарында ғалым Абай мен Е.П. Михаэлистің арасындағы достығына тоқталса, ал оқулыққа еңгізілген мақаласында Михаэлистің өмірін, отбасын терең баяндайды. Михаэлистің өзін орыстың белгілі публицисі Шелгуновтың ізбасары, Чернышевскийдің шәкірті ретінде көрсете отырып, оның қарындасы Мария туралы да мәліметтер келтіреді. 1864 жылы Петербургта Н.Г. Чернышевскийді азаматтық өлім жазасын орындау барысында оған гүл шоғырын лақтырған. Бұндай ерлік іспеттес әрекетті екіншісі бірі орындамай алмайтын еді.

Ғалым ақынның революционер-халықшыл Нифонт Долгополов пен поляк революционері Северин Гросспен де жақын дос болғандығын да жазған. Ол Н. Долгополов пен С. Гросс жайында да мәліметтер келтіре отырып, екеуінің де Абаймен қалай танысқандығына да тоқтайды. Оның жазуынша, Долгополов Харьков университетінде оқып жүргеннің өзінде студенттердің демонстрациясына қатысып, патша қанішерлерінің қолынан қаза тапқан студент Сипдеевті жерлеу барысында ол табыттың «Социалистке социалистерден» деген жазуы бар табыттың қақпағын көтеріп жүрген. Бастапқы кезде Долгополовты Қорғанға айдауға жіберген, 1884 жылы Семейге ауыстырған екен. Қалада ол Абаймен кездесіп, арты достыққа ұласқан. Кейін өкпесіне суық тиген кезде ол Семей губернаторына денсаулығын жөндету үшін қымыз ішіп, таза ауа жұту үшін 15 тамызға дейін Шыңғыстау болысына, Құнанбай Өскенбай ауылына баруға сұранған.

Абайдың досы Петербор университетінің құқық кандидаты С. Гросс 1883 жылы Семейге Польшадағы революциялық қозғалысқа белсенді қатысқаны үшін жер аударған. Ғалымның жазуынша, жандармерияның мәліметінше ол «Вилен революциялық ұйымының негізгі басшысы» болған. Семейге келгеннен кезінен Гросс Қазақстанның антропологиясы мен этнологиясымен айналыса бастаған. Осы Гросс Абайға патша үкіметі мен халықты қанап отырған жергілікті бай-болыстармен қалай күресу қажеттігін түсінуге көмектескендігін келтіреді [12, 377-б.]

Е. Бекмаханов Абайдың оқу-ағартуға аса ынтамен бойлап, қазақ жастарына арнап мектеп ашуды талап етіп, орысша білім алудың маңыздылығын танытқандығын, олардың білім алып қана қоймай, ғылымға да бой ұруын қалағандығын оның «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. ...Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. ...Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Қазірде де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шаға алмай тұр. Себебі: ата-анасы, ағайын-туғаны бір жағынан бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар – ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық» қарасөзінен аңғаруға болатындығын нақтылай түседі [13, 199-200-бб.]

Ол Абайдың халық ағарту жүйесін ұйымдастыруда Ыбырай Алтынсариннің демократиялық принципін қолдауынан деп келтіре келе, ақынның осы оқу арқылы надандықтан, кертартпа өмірден құтылуға болатындығын өлең жолдары арқылы жеткізгендігін Шығыс мұсылмандарының ескі реакциялық идеологиясына қарсы шығуы деп тұжырымдайды [12, 371-б.]

Ғалым Абайды әруақытта халықтың сүйікті ақынына жатқызды. Оның «ғақлия-қара сөздерінің» түпкі мазмұнында үлкен мән жатқандығын, оны оқығандардың ойы мен санасы толығып, бойындағы мінін түзеуге ұмтылыс жасарының сөзсіз екендігіне кәміл сенді. Сондықтан әрбір қарасөзді түбіне жете түсіне оқуды маңызды санады.

Ермұхан Бекмаханұлы осы еңбегінде Абайдың аудармашылық қызметіне ерекше тоқталды. Оның М. Лермонтовтың «Вадим», «Жын», «Қанжар», «Желкен» және т.б. 27 өлеңін аударған. Ақынның А. Пушкиннің, Салтыков-Шедриннің, Крыловтың мағыналы өлеңдерін аударып, халыққа жеткізбек болғанын да келтіреді. Бұлардың арасында А. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасынан үзіндісі, Крыловтың мысалдары бар [12, 378-б.]. Пушкиннің «Евгений Онегинін» Абайдың аударуы, Татьяна – Онегин хаттарына арнап ән шығаруы және халықтың ортасына таратуын орыс ақынының шығармашылығын зор бағалауынан еді [5, 12-14-бб.]

Бұл жерде ғалым Абайдың шебер аудармашылығын, оқушысына түсінікті болу үшін теңеулерді ылайықты қолдана білгендігін көрсетеді. Ақынның сөз саптауындағы ерекшеліктерді де баса келтіреді. Ол Абайды Пушкиннен көп нәрсе үйренді деп санаған. Екеуінің де өлеңдеріндегі идеяларды ұқсастыққа жатқызады.

Абай мен Пушкиннің арасындағы байланысты М. Қаратаев та мақаласында былай деп жазған болатын: «Абай Пушкиннен көп аударған жоқ. Бірақ сол аз аудармасының ішінде түпнұсқадан тыс шығып, аударманы өзінің творчестволық жұмысының бір бөлшегі етіп кеткен жерлері де аз емес. Ойлап қарасақ, сол кездейсоқ істелген емес, өйткені сөйтіп жүріп Абай Пушкиннен шеберлік әдістерін үйренген. Абайдың бұл жолы кейін творчестволық жұмысында өзін ақтады» [14, 39-б.] Міне, осындай тұжырымдардан Абай шығармашылығына Пушкин өлеңдерінің қатты әсері болғандығын білуге болады.

Абай Құнанбаевтың туғанына 110 жыл толуына орай жариялаған мақаласында ғалым оны патша езгісіне қарсы шыққан ағартушы-демократ есебінде көрсетті. Ақын империялық Ресейдің қазақ халқына жасап отырған түрлі қымысына, жәбірленіп отырған елінің тағдырына бей-жай қарамай, олардың жағында болғандығын саралап береді.

Е. Бекмахановтың тұжырымынша, Абай Құнанбаев біріншіден, қазақ халқының болашағына сеніп, оқу-білім алуға, надандықпен күресуге шақырды. Екіншіден, халыққа қандай да бір пайда келтіруге қызмет етудің маңыздылығын түсіндірді. Үшіншіден, А. Құнанбаевтың өлеңдерінде өмірдің әрбір кезеңіне мән беру, мағынасын түсіну, дүниені құрметтеу, сезудің басымдылығын көрсетеді.

Тарихшы Абайдың қазақ әдебиетінің ұлы классигі, қазақ жазуы мен әдеби тілдің негізін салушы тұлға деп бағалады. Ақын өлеңдерінің мәндік-мағыналық маңызы ашып, саналы, білімді, иманды, әділді ұрпақты тәрбиелеудегі философиялық ой-толғамдары сараланады.

Ермұхан Бекмаханов Абайды реалист ақын, еліне адал қызмет еткен, қол ұшын созған, достыққа берік, сертке тұрарлық азамат екендігін тарихи деңгейде көтере білген тарихшылардың бірі. Ол Абайды халықты езгіге ұшыратқан отаршыл саясатқа тек өлеңдерімен ғана емес, ісімен де белсене кіріскен қайраткер екендігін дәлелдеп берді. Ғалымның жасаған пайымымен Абайдың жеке басына қаншалықты қиыншылық туса да, халқынан безбей, солармен бірге болғаны, қолдағаны, сөйлеген сөзінен тұлғалық қасиеті жоғары болғандығын бірден аңғаруға болады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қозыбаев. М., Нұрпейісов К. Тағдыры күрделі қайсар талант // Социалистік Қазақстан. – 1989. – 18 қаңтар. – № 15.
- 2 Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректе және зерттеулер /Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. 3-том. – 616 б.
- 3 А.Б. Қазақтың бас ақыны // Қазақ. – 1913. – 23 ноябрь. – №39.
- 4 Сильченко М.С. Абай. Очерки жизни и творчества. – Алма – Ата, КазОГИЗ, 1945. – 112 с.
- 5 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 24 том. Мақалалар, зерттеулер, пьеса. 1943-1946. – 448 б.
- 6 Абайдың өмірі мен творчествосы/Жизнь и творчество Абая. Сборник статей под. ред. М. Акинжанова и З. Ахметова. – Алма-Ата: Из-во АН КазССР, 1954. – 272 б.
- 7 Бекмаханов Е.Б. Собрание сочинений в семи томах. Том 3. (Присоединение Казахстана к России). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – 531 с.
- 8 Ыбырай Алтынсарин. Шәкәрім Құдайбердіұлы /Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 632 б.
- 9 Омаров А. Шәкәрімнің өмірбаяны. – Алматы, 2007. – 410 б.
- 10 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XII том. М.О. Әуезов Абайтану мәселелері. Мақалалар / құраст., түсінік жазғ.: Д. Қарағойшыева, Л. Мұсалы; жалп. ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 302 б.
- 11 Бекмаханов Е.Б. Новые материалы к творческой биографии Абая Кунанбаева // Ученые записки Казахского государственного университета им. С.М. Кирова. – 1959. – Том XXXVIII. – Выпуск 4.
- 12 Бекмаханов Е.Б. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4 том. (Қазақстан тарихы. Оқудық және оқу құралдары). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – 416 с.
- 13 Құнанбаев А. Шығармалары. Аудармалары мен қара сөздері. Т. 2. – Алматы, 1939. – 324 б.
- 14 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XI том. М.О. Әуезов Абайтану мәселелері. Мақалалар / құраст., түсінік жазғ.: Д. Қарағойшыева, Л. Мұсалы; жалп. ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 298 б.

#### *List of references:*

- 1 Kozybayev. M., Nurpeisov K. *The Fate of a difficult talent // Socialist Kazakhstan*. - 1989. - January 18. – № 15.
- 2 *Kazakh Constitution: documents, facts and research / head of the program: S. Z. Zimanov. Kazakh, Russian, Turkish, English*. - Almaty: Zheti zhargy, 2004. Vol.3. - 616 P.
- 3 A. B. chief Kazakh poet // *Kazakh*. – 1913. - November 23. – №39.
- 4 Silchenko M. S. *Abay. Essays about life and creativity*. - Alma-Ata, Kazogiz, 1945. - 112 P.
- 5 *collection of works of M. Auezov in Fifty volumes*. - Almaty: "era", "Zhibek Zholy", 2014. – volume 24. *Articles, research, play. 1943-1946* – - 448 P.
- 6 *life and creativity of Abay/life and creativity of Abay. "I don't know," he said. Ed. The main purpose of the event: - Alma-Ata: from-Vo an Kazssr, 1954*. - 272 P.
- 7 *Bekmakhanov E. B. collection of documents in seven volumes. Volume 3. (accession of Kazakhstan to Russia)*. - Pavlodar: NEF "eco", 2005. – 531 P.
- 8 *Ybyrai Altynsarin. Shakarim Kudaiberdiuly /main Ed. B. Ayagan*. - Almaty: main editorial office of the "Kazakh encyclopedia", 2007. – 632 P.
- 9 *Omarov A. biography of Shakarim*. - Almaty, 2007. - 410 P.
- 10 *Abay studies. Selected works. Volume XII. M. O. Auezov problems of Abay studies. Articles / comp., write a comment.: D. Karagoishieva, L. Musaly; zhalp. Ed. others. "No," I Said*. - Almaty: Kazakh university, 2017. - 302 P.
- 11 *Bekmakhanov E. B. new materials to the creative biography of Abaya Kunanbayeva // scientific notes of the Kazakh State University. S. M. Kirova*. - 1959. - volume XXXVIII. - Issue 4.
- 12 *Bekmakhanov E. B. collection of works in seven volumes. Volume 4. (History of Kazakhstan. Educational and teaching aids)*. - Pavlodar: NEF "eco", 2005. – 416 P.
- 13 *Works Of A. Kunanbayev. "I'm sorry," I said. Vol. 2*. - Almaty, 1939. - 324 P.
- 14 *Abay studies. Selected works. Volume XI. M. O. Auezov problems of Abay studies. Articles / comp., write a comment.: D. Karagoishieva, L. Musaly; zhalp. Ed. others. "No," I Said*. - Almaty: Kazakh university, 2017. - 298 P.